



Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер!»

Жуантөбе ауылы 2022-2023 оқу жылы.

Тобы: Ортаңғы «Балапан»

Тәрбиешінің аты-жөні: Сағындықова.Г

Білім беру саласы: Таным

Білім беру бөлімі: Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру

Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер»

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді ажырата білуге, оларға ұқсас заттарды таба білуге, пішіні ұқсас заттарды топтай білуге, пішіндерден бейне құрастыра білуге, түстерін айта білуге үйрету.

Көрнекілігі: Геометриялық пішіндер, үлестірмелі текшелер, магнитті тақта, құс ұясы, сиқырлы қалам, үлестірмелі суреттер.

Әдіс - тәсілдері: Сұрақ - жауап, қайталау, талдау, түсіндіру, топтастыру, ойын

Шаттық шеңбері

Біздер тату боламыз,

Гүлдей жайнап өсеміз.

Шаттық құрып шеңберден,

Бір қуанып қаламыз.

Балалар тақтадағы суретке назар аударыңдаршы, қандай суреттер көріп отырсыңдар?

Балалар: Жыл мезгілдерінің

Бір жылда неше мезгіл бар?

Қазір қай мезгіл?

Ауа - райы қандай?

- Балалар бүгін біз сендермен «Пішіндер қалашығына» саяхатқа барамыз. Ол үшін поездға мінуіміз керек, біздің поезымыз жай поезд емес «Ғажайып поезд». Қараңдаршы, поезымыз дайын сияқты. Бірақ поездымызға не жетіспейді?

- Мына дөңгелек заттардың арасынан поездың дөңгелегін табайықшы.

Түрлі домалақ заттар көрсетіледі. Мысалы, төрт бұрыш

Мынау поездың дөңгелегі ме?

Балалар: Жоқ

Ал мынау поездың дөңгелегі ме?

Балалар: Иә

- Өте жақсы. Енді біз Ғажайып поездымызбен баратын жерімізге тез жетеміз.

Ұйымдастыру - ізденушілік

Мінекей «Пішіндер қалашығына» келіп жеттік, қараңдаршы қандай керемет, ортада тұрған үстелдерге отыра қойыңдар.

- Балалар, біздің келген Пішіндер қалашығының тұрғындары сендерге арналған тапсырмалары бар екен, сол тапсырмаларды орындаймыз ба?

- Олай болса мен қазір сендерге жұмбақ жасырайын.

- Бұл орамның пішіні

Бауырсақтың да мүсіні.

Кішірейтсек біз мұны

Шығады тоқаш наны боп

Балалар ол қандай пішін?

Балалар: Домалақ

- Дұрыс айтасыңдар, қане домалақты ауада салайықшы.

- Енді домалақ пішінге ұқсас қандай заттарды білесіңдер.

- Төрт бұрышы да тең түскен

Осыныша жақтау және тең.

Мұндай шаршы, мен білсем

Табылмас ау еш жерден? (төртбұрыш)

- Үш бұрышы бар, үш қабырғасы бар,

Ұзындықтары әр түрлі болуы мүмкін.

Ол не, балалар?

Балалар: Үшбұрыш

- Бұл жұмбақтың шешуін жақсы таптыңдар.

Жарайсыңдар.

Балалар қане пішіндер атауын Көмекіші досым «Зерек» қаламнан сұрайыншы

«Зерек» қаламмен пішіндердің суретімен таныстыру.

Ал енді «Зат қандай пішіннен құралған» деген ойын ойнаймыз. Ол үшін мен сендерге тағы бірнеше жұмбақ жасырамын. Алдарындағы магнитті пішіндерден менің жасырған жұмбағымның шешуін суреттеңдер.

Жасыл ине киімім,

Жайлаймын тау биігін.

Жаңа жылды тойласаң

Төріндемін үйіңнің. Бұл не екен?

Балалар: Шырша

- Дұрыс айтасыңдар, бұл шырша екен.

- Бұл шырша қандай пішіннен құралған?

- Төрт қабырғасы, шатыры бар ол не екен?

Балалар: Үй

- Жарайсыңдар балалар, бұл тапсырманы жақсы орындадыңдар, енді келесі ойынымыз.

«Қай пішінге ұқсайды?» деп аталады. Тақтадан суреттер көрсетіледі. Балалар суретке қарап ұқсас пішіндерді айтады.

Сергіту сәті:

Бойды сергек тік ұста

Емін - еркін тыныста

Оң қолыңды соз алға

Қол ұшына қарада
Үшбұрыш сыз ауада
Сол қол босқа тұрмасын
Шеңбер жасап тынбасын

Ал енді логикалық сұрақтарға жауап беріңдерші.

1) Үшбұрыштың неше бұрышы бар?

Балалар: Үш

2) Дөңгелекте бұрыш бола ма?

Балалар: Жоқ

3) Алма ағашта бес алма

Қандай тәтті жесе алма,

Бесеуінде жеп қойсаң

Қалады онда неше алма.

Балалар: Төрт алма

Ал балалар кім сұрақ қояды?

Ерасыл : Төрт қонжық орманда

Келе жатты қорбаңдап

Біреуі шаршады

Өрмен қарай бармады.

Қанша қонжық кетті?

Балалар: Үш

Әлинұр: Түлкінің құлағы қысқа, ал қоянның құлағы....

Балалар: Ұзын

Жарайсыңдар!

Ойын: «Жоғалған пішінді тап!»

Мазмұны: тақтада үшбұрыш, төртбұрыш, доңгелек, сопақша пішіндер ілулі тұрады. Балаларға көзін жұмғызып, бір пішінді алып тастаймын. Балалар көзін ашып қай пішін жоқ екенін айтады.

Ал балалар пішіндер туралы кім тақпақ айтады.

Аяла: Пішіндерді үйрендім

Қабырғасы тік сайлы.

Үш бұрыш бұл үйлердің

Шатырына ұқсайды.

Раяна: Бөлініп - ап екіге,

Отырған сәт шетінде.

Төртбұрышта ұқсайды

Үстелдердің бетіне.

Күзде кейбір құстар жылы жасаққа қарай ұшады, ал кейбірі қалып қояды. Оларды қыстап қалатын құстар деп атаймыз.

Осы кезде Дарын келеді. Қолында ағаштан жасалынған кішкене ұясы бар.

Дарын сен қайдан келе жатырсың? Неге көңіл күйің жоқ?

Дарын: Күн болса суық, мен суық торғайларға арнап әкеме ұя жасатып жатырмын. Бірақ ол аз торғайлар болса көп. Олар тоңып қалады деп уайымдап тұрмын.

Міне, Дарын нағыз құстардың қамқоршысы.

Балалар Дарын сияқты сендер де әкелеріңе ұя жасатасыңдар ма? Дарын сен көңіл күйіңді түсіріп ренжіме, достарың сені қолдайды. Кел отыра қой.

Жетекші жөндеуші:

Ендеше балалар құстың ұясын қандай пішіннен жасайтынымызды ойланайық. Құстар туралы Жания өз тақпағын айтады.

Жания: Құстарға ұя жасайық,

Үстіне қойып үшбұрыш.

Әдемі үйшік болады,

Астына қойсаң төртбұрыш

Құс келсін десең ұяға

Дөңгелек қой ортаға.

Балалар тақтаға қараңдаршы ненің пішіні шықты?

Балалар балабақша ауласындағы ағашқа біз де өз қолымызбен ұя жасап ілейік.

Мына дайын үлгілерді тетігіне келтіріп құрастырайық.

Балалар ұямыз дайын. Енді оны балабақша ауласына апарып ілейік. «Ғажайып пойызымызға» мініп бақшамызға қайтайық.

Пішіндер қалашығының тұрғындары сендерге өздері туралы қызықты болды ма?

Балалар: Иә ұнады.

Балалар біз қайда саяхатқа бардық?

Балалар: Пішіндер қалашығына

Онда қандай пішіндер бар екен?

Балалар: Дөңгелек, Үшбұрыш, Төртбұрыш

Тағы не жасадық?

Балалар: Құстарға ұя жасадық

Ұя жасаған сендерге ұнады ма?

Балалар: Иә ұнады

Әуенмен бақыт құсы келеді. Қолында сыйлықтары бар.

Айсұлу: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен бақыт құсымын. Сендердің жасаған ұяларыңды көрдім. Көп рахмет сендерге. Мынау сендерге сыйлық. Сау болыңдар.

Бақыт құсы ұшып кетеді.

Ой, балалар тыңдаңдаршы ненің дауысы естіліп жатыр?

Балалар қыстап қалатын құстар біздің жасаған ұямызды күтіп тұрғандай. Жүріңдер барып ұямызды ілейік. Келген қонақтарымызға сау болыңыздар дейміз.

Күтілетін нәтиже:

Білуі: Балалар геометриялық пішіндерді ажыратып, айыра біледі

Меңгеруі: Заттардың қандай пішіннен құралатынын меңгерді.

Жасай алуы. Үлестірмелі материалдардан берілген тапсырманы өз бетінше орындай алады.